

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 527 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қараша N 1365. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.31. N 161 қаулысымен. ~P010161

"Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру мен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, орталық, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да заңды тұлғаларға оларға байланысты шығындарды өтеудің Тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 527 P960527_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 18, 155-құжат) бекітілген "Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру мен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, орталық, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да заңды тұлғаларға оларға байланысты шығындарды өтеудің Тәртібіне" мынадай өзгертулер енгізілсін:

45-тармақтың бірінші абзацындағы "Автомобиль (қала аралықтан басқа) және электр көлігі кәсіпорындарына жеңілдіктер берудің шығындарын өтеу" деген сөздер "Тасымалдаушыларға автомобиль (қала аралықтан басқа) және электр көлігінде жүру бойынша жеңілдіктер беруге жұмсалған шығындарды өтеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қалалық жолаушылар көлігінің (таксиден басқа) барлық түрлерінде және ауылдық жерлерде әкімшілік аудан шегінде жүру үшін бір жолғы немесе жол жүру билеті негіз болып табылады. Тұрғылықты жері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік (ауданның, қаланың) шегінде пайдаланудағы көлікте (таксиден басқа) жүруге жеңілдік алған азаматтардың

әлеуметтік мәртебесін растайтын құжаттың негізінде тегін немесе жеңілдікті негізде жолда жүру билеті беріледі. Көлікте жүруге жеңілдік берілген азаматтардың құқығын қамтамасыз ететін тәртіпті облыстардың әкімдері белгілейді".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК